

Асылжанова Данагуль Ерболовнаның философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Қазіргі әлемдік білім беру процесі функционалдық сауаттылығы жоғары, көптілді, цифрлық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты да осы бағытта дамып келеді. Бұл тұрғыда шетел тілін ерте жастан меңгертудің тиімді әдістерін, дидактикалық шарттарын, сондай-ақ оқытудың жаңа технологиялық мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу аса маңызды. Диссертацияда қарастырылып отырған мәселе Мемлекет басшысының стратегиялық құжаттарында, цифрландыру бағдарламаларында нақты көрсетілген міндеттермен тікелей байланысты және ғылым мен білім интеграциясына негізделген. Осылайша, зерттеу нысаны мен пәнінің ғылыми-практикалық маңыздылығы диссертацияның өзектілігін толықтай айқындайды.

Ізденуші Асылжанова диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында жоғары деңгейдегі ғылыми дербестік танытып, бастауыш шеттілдік білім беру саласын дамытуға өзіндік үлес қосқанын дәлелдеді. Диссертациялық зерттеу мазмұны тұтас, құрылымы жағынан ішкі бірлігі сақталған, бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда өзара сабақтасқан дербес жұмыс болып табылады. Жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар, алынған нәтижелер мен ұсыныстар диссертацияда алға қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді.

Ғылыми жаңалық принципінің сақталуы.

Д. Асылжанованың диссертациялық жұмысында бастауыш шеттілдік білім беруді дамытуға елеулі ықпал ететін, ғылыми тұрғыдан негізделіп, тәжірибелі-эксперименттік жолмен дәлелденген теориялық және практикалық-қолданбалы нәтижелер ұсынылған:

1-нәтиже – жаңа. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге жан-жақты талдау жасай отырып және жаһандану мен технологиялық өзгерістер жағдайындағы шеттілдік білім берудің даму процестерін зерделеу негізінде, ізденуші бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігінің мәні мен құрылымын нақтылады. Бұл құзыреттілікке көпкомпонентті құрылымдық сипат беріліп, оның анықтамасы жаңа қырынан ұсынылды. Сонымен қатар, осы құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктері айқындалды.

2-нәтиже – жаңа. Бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін ағылшын тілі факультативтік курсына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы кезеңдеп қалыптастыру

әдістемесі ұсынылып, оның тиімділігі тәжірибелі-эксперимент барысында дәлелденді.

3-нәтиже – жаңа. Зерттеудің маңызды ғылыми нәтижелерінің бірі – АКТ құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға арналған әдістемелік модельдің жасалуы. Бұл модель төрт блоктан тұрады және түрлі педагогикалық әдістер мен технологияларды кешенді үйлестіре отырып іске асыруды көздейді.

4-нәтиже – жаңа. Зерттеу барысында АКТ арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «EnglishLab» факультативтік курсының оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, оқу процесіне енгізілді. Сонымен қатар, «English for Fun» атты авторлық интерактивті электронды оқу құралы дайындалып, білім беру практикасына енгізілді.

Зерттеуде ғылыми дәйектілік принципінің сақталуы. Диссертациялық жұмыста ғылыми дәйектілік принципі сақталған. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі бақылау, сауалнама, модельдеу, сипаттамалық және математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы алынған эмпирикалық деректерді өңдеу негізінде қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, теориялық және әдістемелік тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, ғылыми болжамның дәлелденуімен және зерттеу нәтижелерінің 15 ғылыми мақалаларда басылым көруімен қамтамасыздандырылады.

Зерттеуде практикалық құндылық принципінің сақталуы. Диссертациялық зерттеу жұмысы практикалық тұрғыдан маңызға ие. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептерде ағылшын тілін оқыту тәжірибесінде қолданыс тапқан.

Зерттеуде академиялық адалдық принципінің сақталуы. Академиялық адалдық принципі толық сақталған. Авторлыққа және дереккөздерге сілтеме жасалмай алынған материалдар анықталмаған.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер мен жасалған қорытындыларды саралай келе, Асылжанова Данагуль Ерболовна «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бастауыш мектеп оқушыларының шеттілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты жұмысының негізінде «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:

Ахмет Байтұрсынұлы ат.

Тіл білімі институты,

филология ғылымдарының докторы

Жаңабекова А.О.

«Ахмет Байтұрсынұлы» атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару,

құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімі

«11» 06 2025ж.

